

МҒТАР 68.01.11

А.Т. Мылкайдаров¹, С.Е. Курбаналиева¹, М. Зауран¹, Н.Б. Санабай¹**АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ДАМУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ОНЫ ШЕШУДІҢ ЖОЛДАРЫ**

*¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, Қазақстан,
e-mail: mylkaydarov@mail.ru*

Аннотация. Мақалада Алматы облысының агроөнеркәсіп кешені қалыптасуының географиялық алғышарттары мен дамытудың мәселелері және оны шешудің жолдары қарастырылды. Облыстың егістік жерлерінің пайдаланымнан шығып, топырақтың құнарлығын арттырудағы факторларлары анықталып, егістік жерлердің біраз бөлігінің жекеменшікке берілуі салдарынан көптеген шаруа қожалықтарының жерлерді игеруге әлеуетінің жетіспеушілігі, техникамен қамтамасыз ету деңгейінің төмендігі, қолданыстағы техникалардың ескіруі, шаруа қожалықтары және ғылыми мекемелер арасындағы өзара ұйымдастырылған байланыстың жоқтығы, ауыспалы егіс, яғни ғылыми негізде егіс танаптарында белгілі уақыт аралығында алмасып отырмауы мен шаруа қожалықтары иелеріне жер ресурстарын пайдалануда отандық және әлемдік технологияны қолдану жөніндегі мәселелер қарастырылған. Сонымен қатар агроөнеркәсіптік кешеннің даму тенденциялары Алматы облысы мысалында талқыланды. Ауылшаруашылығы дамуының негізгі көрсеткіштері талданды, облыстың агроөнеркәсіптік кешенін дамыту проблемалары баяндалды.

Түйінді сөздер: агроөнеркәсіп кешені, аграрлық сектор, егіншілік, мал шаруашылығы, ауылшаруашылық дақылдары, географиялық жағдай, географиялық аумақ.

КІРІСПЕ

Алматы облысындағы агроөнеркәсіптің негізгі мәселелерін қайта жаңарту және азық-түлік өнімдерімен қамту қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында агроөнеркәсіптің тиімділігін арттыру.

Агроөнеркәсіп салаларын жүргізуде экономикалық тетіктерінің тиімділігін жетілдіру қажеттілігі бүгінгі кезеңдегі даусыз, өте керекті қозғаушы күштердің бірі болып отыр. Өндірістің негізгі саласының бірі азық-түлік мәселесін шешетін, агроөнеркәсіп өнімдерін өндіретін өндірістің өсімі әліде болса төмен жағдайда. Қалыптасқан жағдайды талдай отырып экономиканың ауылшаруашылығындағы шешілмей жатқан мәселелерді қарастырып, агроөнеркәсіп өндірісін ынталандыратын іс-шараларды жүзеге асыру қазіргі кезеңдегі маңызды мәселелердің бірі [1].

Әлемдік экономикаға ықпалдасу біздің еліміз үшін маңызы зор өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Дүниежүзілік сауда ұйымының қата-

рында біз үшін - әлемдік бәсекелестікке қатысу, бұл жерде ең бірінші тұтынушылардың мүддесі сақталынады, сатылатын зат неғұрлым сапалы, бағасы тиімді болса, соғұрлым өтімді болады.

Нарықтық қатынастарға өту нақты алғанда экономиканың әлдеқайда жаңа сапалық күйіне көшуді білдіреді. Мұның өзі тұтастай бірқатар объективті факторлардан көрінеді.

Нарықтық экономиканың тиімді жұмыс істеуінің, негізгі шарты нарықтық іс басындағы субъектілердің толық өзін-өзі басқаруы мен олардың экономикалық жауапкершілігіне негізделетін тәуелсіздігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабының төртінші тармағында жазылғандай: Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез-келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар.

Кез-келген шаруашылық жүргізу нысаны немесе меншік нысаны өздігінен өндірістің дамуына, өрістеуіне, өнім сапасын, тиімділігін арттыруына,

жұмыскерлердің әл-ауқатын жақсарту мәселелерін шешіп бере алмауда. Бір мезгілде өндірістік қатынастар, экономикалық ынталандыру мен технологиялық тұрғыда жетіліп отырмаса, қомақты күрделі қаржылар да агроөнеркәсіпте нәтиже бермеуі мүмкін. Осыған орай, ғылыми негізделген жалпы шаруашылық жүргізу тетіктерін және атап айтқанда, ұжымдық кәсіпорындарының шаруашылық тетіктерінде, жетілдіру аса маңызды мәселе болып табылады. Өндірістің әрбір тәсіліне, кәсіпорынның әрбір ұйымдық-құқықтық нысанына өзіндік ерекшелігі бар шаруашылық жүргізу тетіктері сай келуі тиіс. Осыны ескере отырып, шаруашылық жүргізу тетіктерінің нақты мазмұны мен оның негізгі элементтері күрделі түрде өндірістің сол кезеңдегі өсу дәуіріне лайықты өзгеріске ұшырауы керек. Қалыптасып қалған шаруашылық жүргізудің үлгісі, ең алдымен, негізгі өндірістік буын болып саналатын Агроөнеркәсіп кәсіпорындарын жетілдіруді қажет етеді. Бұлай болудың себебі, қазіргі кезде Агроөнеркәсіп өнімінің өндірісі (өткізу, өңдеу) саласында шаруашылық жүргізу тетіктерін жетілдіру өте өзекті және маңызды мәселеге айналууда.

ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Зерттеу нысаны Алматы облысының агроөнеркәсіп кешені болып табылады.

Мақала жұмысының мақсаты Алматы облысының агроөнеркәсіп кешені қалыптасуының географиялық алғышарттары мен дамытудың мәселелерін, оны шешудің жолдарын қарастыру.

Қойылған мақсатқа сәйкес талдау барысында келесі міндеттер шешіледі:

Алматы облысы аумағындағы агроөнеркәсіптік кешеннің қазіргі орналасуы мен даму жағдайын қарастыру;

облыстағы агроөнеркәсіптік кешеннің дамыту жоспарларын талдау;

облыстағы агроөнеркәсіптік кешеннің қалыптасуына әсер ететін салаларды дамытудың жолдарын қарастыру;

аграрлық және өнеркәсіптік секторлардың мүдделерін тиімді үйлестіре отырып тұрақты экономикалық дамудың алғышарттарының қамтамасыз етілуін қарастыру;

сауда-логистикалық инфрақұрылымды дамытудың жолдарын ұсыну;

АӨК ғылыми-технологиялық, кадрлық және ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз етілуін талдау;

облыстағы агроөнеркәсіптік кешеннің даму болашағын жақсартудың тиімді жолдарын ұсыну.

Бүгінгі таңда ауылшаруашылық тауар өндірушілердің жоғары сапалы азық-түлік өнімдерін нәтижелі өндіруін ұйымдастыру және халықты өз деңгейінде үздіксіз қамтамасыздандыру өзекті мәселе болып табылады, өйткені қазіргі кезде азық-түлік өндіру мен халықтың саны арасында сәйкессіздік байқалады және оның қауіпі күн санап артуда. Еліміз ішкі нарықты азық-түлікпен толық қамти алады деп айта алмаймыз, себебі халықтың тұтынатын тауарларының көп бөлігі шетелден импортталады. Бұл өз кезегінде жерлерді тиімді пайдаланумен де тығыз байланысты [2].

Ауылшаруашылығының дамуы жер ресурстарының пайдалану деңгейіне тікелей тәуелді болып табылады. Жер ресурстарын тиімді пайдалану қажеттілігі жердің шаруашылық салаларында алатын рөлінен туындайды. Дегенмен де, жерлерді тиімді пайдалану ауылшаруашылық өндірісін ұйымдастырудың барлық жағына қатысы бар ауқымды кешенді мәселе болып табылады. Бұл мәселені шешу жер ресурстарын мұқият зерттеуді, жерлерді пайдаланудың іс-жүзіндегі деңгейінің шынайы сараптау әдістері мен жүйе көрсеткіштерін дәлелдеуді және осы негізде жалпы бағыттарды жобалау мен

жергілікті табиғи – климаттық және экономикалық жағдайларда қолданылатын топырақтың құнарлылығын арттыру мен жерлерді жақсарту жөніндегі іс-шаралардың нақты жүйесін құрастыруды талап етеді [3].

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Облыстың жалпы жер қоры (кесте 1) Қазақстан Республикасының

Жер кодексінің 1-бабына сәйкес нысаналы мақсатына байланысты жеті санатқа бөлінеді: ауылшаруашылығы мақсатындағы жер; елді мекендер жері; өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауылшаруашылығы мақсатына арналмаған жер; ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері; орман қорының жері; су қорының жері; босалқы жер.

Кесте 1- Алматы облысының 2010-2018 жж. жер қорының өзгеру көрсеткіші

Жер санаты	Ауданы, мың га			
	Жылдар			
	2010	2013	2016	2018
Ауыл шаруашылық жерлері	7700	8090,7	8697,3	8632,2
Елді мекендер	846,2	855,2	803,5	803,5
Өнеркәсіп, байланыс, көлік	292,1	301,8	307,2	307,2
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар	1001,1	1086,7	1078,8	1078,8
Орман қоры	4066,7	4076,8	408,2	408,2
Су қоры	191,0	193,4	193,4	193,4
Босалқы жер	8221,9	7776,9	7261,2	7261,2
Барлығы	22319,0	22381,5	22358,3	22358,4
Ескертпе: www.almoblzem.gov.kz сайты бойынша				

Облыстың жер қоры 22 млн 358 мың 422 га құраса, оның 8 млн 632 мың 021 гектары ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер, оның ішінде егістігі - 1 млн 015 мың 192 га, оның суармалысы - 442 мың 982 га, көпжылдық екпелер - 20 мың 711 га,

тыңайған жерлер - 88 мың 245 га, шабындық - 210 мың 686 га, жайылым - 7 млн 113 мың 600 га құрап отыр. Облыстағы 2008-2018 жж. Аралығындағы егістік жерлердің аудандары мен халық санының өзгеруі 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2- Облыстағы 2008-2018 жж. аралығындағы егістік жерлердің аудандары мен халық санының өзгерісі [4]

Жыл	Халық саны, мың адам	Егістік ауданы, мың га	1 адамға келетін мөлшері, га
2008	1643,3	1057,5	0,64
2009	1804,4	687,5	0,38
2010	1836,5	906,3	0,49
2011	1873,3	909	0,48
2012	1909,3	889,7	0,46
2013	1946,6	910,9	0,46
2014	1984,5	921,1	0,46
2015	1922,1	926,2	0,48
2016	2000,4	932,2	0,46
2017	2013,3	947,9	0,47
2018	2017,2	949,5	0,47

Кестенің мәліметтері бойынша 10 жылда халық саны 1643,3 мың адамнан 2017,2 адамға дейін, яғни 22,7 % өсті, ал егістік ауданымен қамтамасыздану адам басына шаққанда 0,64 гектардан 0,47 дейін төмендеді, ол шамамен 36,2 % құрады.

Облыста халық саны 2008 жылы 1643,3 мың адам болса, бұл көрсеткіштер 2018 жылы 373 мың адамға ұлғайған, яғни аудандағы халық саны

соңғы 10 жылда 18,5 %-ға артқан.

Жоғарыда атап өткендей, бүгінгі күні халық саны мен ауылшаруашылық жерлерінің, соның ішінде егістік жерлер аудандарының ара-қатынасында сәйкессіздік байқалуда.

Осы негізде, Алматы облысындағы 1990-2018 жж. 1 адамға келетін егістік жерлердің аудандарын есептеу нәтижесінде алынған өзгеру динамикасына 1-суретке көз жүгіртсек.




Сурет 1 - Егістік жерлердің 1 адам басына келетін мөлшері, га

Жүргізілген есептеулерден байқағанымыздай, 2008 жылы 1 адамға 0,64 га болса, 2018 жыл-0,52 га болған, яғни соңғы 9 жылда айтарлықтай 0,17 га кеміген, немесе 26,6 %-ға қысқарған.

Егістік жерлердің тиімді пайдалануының негізгі көрсеткіші аудандардағы өсірілетін дақылдардың жылдағы алынған өнімділігімен тығыз байланысты. Алматы облысында өсірілетін дақылдардың таралуы әрқелкі, яғни барлық 16 ауданда егілетін дақылдардың түрі бірдей емес, бұл өз кезегінде облыс жерінің табиғи-климаттық ерекшелігімен байланысты. 2-ші суреттен байқағанымыздай, өсірілетін дақылдардың көлемі ең көп

қысқарған ауданға: Қарасай, Жамбыл, Балқаш, Ескелді, Көксу және Панфилов ауданы жатады. Аталған аудандардағы егістік дақылдарының түсімділігінің күрт төмендеуі егістік жерлерді тиімді пайдаланбауымен тікелей байланысты деп қорытынды жасауға болады. Жердің әрбір түрінің өнімділігінің айырмашылығына, онда егілетін жеке бір дақыл егудің экологиялық тиімділігі, сонымен бірге жалпы ауыл шаруашылық өндірістің тиімділігі тәуелді. Алматы облысындағы 16 ауданның ауыл шаруашылық жерлерінің бонитет баллының шамалары әр түрлі. Алматы облысындағы ауыл шаруашылық жерлерінің ауданы 2-ші суретте көрсетілген.



Сурет 2 - 1991-2018 жж. Алматы облысындағы ауыл шаруашылық жерлерінің ауданы, мың га


Сурет 2-ге сараптама жасаған кезде Алматы облысындағы ауыл шаруашылық жерлерінің ауданы 1991 ж.–15900 мың га, 2012 ж.–7800 мың га, 2013 ж.–8400 га, 2014 ж.–8800 га теңелді. 2014 ж. көрсеткіштерді 2013 ж. көрсеткіштермен салыстырғанда ауыл шаруашылық жерлерінің ауданы 400 мың га, немесе 4,76 % өсті. 2018 ж. көрсеткіштерді 1991 ж. Көрсеткіштермен салыстырғанда ауыл шаруашылық жерлерінің ауданы 7268 мың га немесе 47,17 % азайды.

Алматы облысы аудандарының орташа балл бонитеті 3-ші суретте көрсетілген.

3-ші сурет экономикалық талдауды анықтайды, Алматы облысы аудандарының орташа балл бонитеті 9 баллдан 24 баллға дейін болуы мүмкін.

Топырақтың бонитет балдары оның сапалық қасиеттерінің сандық көрсеткіші болып табылады, облыста өсірілетін басты дақылдың көпжылдық орташа түсіміне сәйкес болады. Бонитет балдары ауыл шаруашылық дақылдарын өсіруге қолайлылығын анықтауға, оларды тиімді пайдалануды жоспарлауға мүмкіндік береді. Облыстың 16 ауданының немесе шаруа қожалығының нақты жерлерінің орта-

ша бонитет балдары есептелін, олар ауыл шаруашылық дақылдардың көпжылдық орташа түсімімен салыстырылады. Осы шама шаруа қожалығының жерінен алынатын өнімдерді болжауға, жоспарлауға, әлеуетін анықтауға мүмкіндік жасайды. Яғни осы анықталған көрсеткіш арқылы шаруа қожалығының жерінің экономикалық тиімді пайдаланылғаны бағаланады. Бүгінгі кезде ауыл шаруашылық жерлерінің бонитет балын анықтау ең өзекті, қажеттілігі артып отырған мәселе қатарына жатады. Себебі егістік жерлерді бонитет баллы арқылы бағалау бүгінгі күннің басты талаптарына жатады. Нарықтық экономикада экономикалық бағалауларды іс-тәжірибеде қолдануға сұраныс артты. Қазіргі кезде ұлттық экономикамызда есептелмеген құндылық болмауы тиіс, құндылықтар есептеліп шығарылмаса, шешім қабылдағанда ескерілмейді. Сапасы жақсы, қолайлы орналасқан жерді пайдаланушылар жердің табиғи өнімділігінің, тиімді орналасуының арқасында қосымша пайда табады. Егістік жерлерді ұтымды да тиімді пайдалану ауыл шаруашылығындағы маңызды экология-экономикалық мәселе қатарына жатады.



Сурет 3 - Алматы облысы аудандарының орташа балл бонитеті

Зерттеулер анықтағандай, облыстың егістік жерлерінің пайдаланымнан шығып, топырақтың құнарлығын арттыруға келесі факторлар кедергі болуда:

- егістік жерлердің біраз бөлігінің жекеменшікке берілуі салдарынан көптеген шаруа қожалықтары жерлерді игеруге әлеуетінің жетіспеушілігі;

- техникамен қамтамасыз ету деңгейінің төмендігі, қолданыстағы техникалардың ескіруі;

- шаруа қожалықтары және ғылыми мекемелер арасындағы өзара ұйымдастырылған байланыстың жоқтығы;

- ауыспалы егіс, яғни ғылыми негізде егіс танаптарында белгілі уақыт аралығында алмасып отырмауы;

- шығымы жоғары дақылдар тұқымдарын шаруа қожалықтарының сатып алу мүмкіндігінің аздығы;

- егістік алқаптарды пайдалануда топырақтың балл бонитетін ескеріп қолданудың болмауы;

- егістік алқаптарына егілетін дақылдарды егуде суды аз қажет ететін түрлерін егуді ескеру немесе тамшылап суғару жүйесінің енгізілмеуі;

- шаруа қожалықтарында интернет жүйесін пайдаланып, сұра-

нысқа ие болатын ауыл шаруашылық өнімдерді өсіру жайлы ақпараттың болмауы;

- шаруа қожалықтары иелеріне жер ресурстарын пайдалануда отандық және әлемдік технологияны қолдану жөніндегі білімін жетілдіру курстарының болмауы.

Жүргізілген ғылыми зерттеулер бойынша Алматы облысында ауыл шаруашылығы айналымынан шыққан жерлердің топырағы негізінен 4 топқа бөлінген: сұр, ашық қызыл-қоңыр, қара, қызыл-қоңыр.

Егістік жерлердің ауыл шаруашылық айналымнан шығуының 4 себебі бар:

- пайдаланылмай бос жатқан жерлер;

- басқа салаларға берілген жерлер; ластанған жерлер;

- әр түрлі эрозияға ұшыраған жерлер [5].

Ұлттық экономикамызға керекті ауылшаруашылық өнімдерін толық алуға, топырақтың құнарлығын сақтауға және оны жүйелі түрде арттыруға бағыттайды. Міне осы аталған міндетке сәйкес жер иесі егістіктің құнарлығын арттыру бойынша нәтижелі шараларды жүргізуге, жел және су эрозияларына

қарсы ұйымдастыру - шаруашылық, агротехникалық, гидротехникалық жұмыстарды жүзеге асыруға, сонымен қатар тұздандудың, ластанудың, тақырға айналуы және жерлердің жай-күйін төмендететін жайлардың алдын алуды кешенді жүзеге асыруы керек. Ауыл шаруашылығы тек қана дақылдарды өсірумен шектелмей, қоршаған ортаны қорғау, табиғатта тепе-теңдігін сақтауы тиіс. Осыған байланысты жер қорларын қорғау ең маңызды ұлттық мәселе, сондықтан оны облыстық ауыл шаруашылық департаменттері үнемі назарда ұстауы керек. Бұл мәселені шешу үшін облыстың жер қорларының сапалық жай-күйі туралы толық, дәйекті, деректі мәліметтер жинақталуы және болуы керек.

Егістік алқаптарының құнарлығы төмендеуі нәтижесінде топырақтағы қоректік заттар азаяды да, жерлердің тақырға айналу үрдісі артады. Осының кері әсерінен ауыл шаруашылығы саласы мен ауыл аймақтардың жерлерінде экология-экономикалық зияндар пайда болып, аймақтың әлеуметтік жағдайының нашарлауына әкеледі. Үкіметіміз ауыл шаруашылығын қолдауға бөлген қаржысының белгілі бір шамасын жер құнарлығын көтеруге бағыттауы керек. Жер құнарлығын арттыра отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің түсімін молайтуға қол жеткіземіз. Нарықтық тауар-ақша қатынастарына сәйкес, құнарлы жер бағасы жоғары және алынатын өнім көлемі көп болмақ. Соның нәтижесінде ауыл шаруашылығындағы өндірілген өнім, оған кеткен шығынды толық ақтап, жер иесіне пайда әкеледі және де егіс алаңдарының ұтымды құрылымын әзірлеу

кезінде, егістіктің ең жақсы алаңдарын ең бағалы, экономикалық жағынан тиімді дақылдарға бөлу қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Агроөнеркәсіптік кешенді жүйелі және тұрақты дамыту үшін қыруар еңбек ету қажеттілігін байқаймыз. Сондықтан, мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде АӨК-ті дамыту болып айқындалады. Оның ішінде, Елбасымыз айтқандай, әлемдік нарықта өзге елдердің тауарларымен бәсекеге түсе алатын егін және мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеп, дайын өнім ретінде шығаруға баса назар аудару керек. Бұл салада тәуелсіздік жылдарында жеткен жетістіктеріміз аз емес екені белгілі.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ел экономикасында ғылым мен білімге, инфрақұрылымдық жобаларды дамыту мен инновацияны қолдау, өндірісті заманауи жабдықтармен қамтамасыз ету дамудың даңғыл жолына апаратын қадам болып табылады. Дәл осы сияқты облыста да сәтті іске асу үстіндегі бірнеше жобаларды кеңінен насихаттап, халық тарапынан қызығушылық туғызып, АӨК-тің индустриялануына, инновациялық дамуына жағдай жасауымыз қажет. Мысалға, Үкімет қазіргі таңда Азық-түлік корпорациясы арқылы Алматы облысындағы қант өңдеу саласына көп көңіл бөлуде; Алматы облысында тамшылап суару технологиясы сәтті қолданылуда; бұдан бөлек, мал басын асылдандыру саласында да көптеген жобалар қолдау табуда. Мұның барлығы АӨК саласының индустриялануына және заманауи талаптарға сай мамандануына әкелетіні сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері». – Астана, 2010.

2 Серікбаев С.К. Основные направления повышения эффективности использования земельных ресурсов в условиях рынка и ресурсного дефицита

// Труды международной научно-практической конференции "Стратегия развития экономического роста Казахстана: опыт, проблемы и перспективы". - Центрально-Азиатский университет. - Алматы: ЦАУ, 2008. - С. 188-190.

3 Серікбаев С.К. Эколого-экономическая эффективность рекультивации земель в Южных областях Казахстана // Исследования, результаты. - КазНАУ, 2008. - №3. - С. 105-108.

4 Официальный сайт управления земельных ресурсов Алматинской области. - [Электронды ресурс]. - Режим доступа: <http://www.almoblzem.gov.kz/index.php/ru/>.

5 Серікбаев С.К. Рациональное использование и охрана земельных ресурсов // Вестник университета Кайнар, 2009. - №1. - С. 35-39.

REFERENCES

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, «Zhaңa onzhyldyқ - zhaңa ekonomikalық өrleu - Қазақстанның zhaңa mymkindikteri». - Astana, 2010.

2 Serikbayev S.K. Osnovnye napravleniya povysheniya effektivnosti ispolzovaniya zemelnykh resursov v usloviyakh rynka i resursnogo defitsita // Trudy mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii "Strategiya razvitiya ekonomicheskogo rosta Kazakhstana: opyt, problemy i perspektivy". - Tsentralno-Aziatsky universitet. - Almaty: TsAU, 2008. - S. 188-190.

3 Serikbayev S.K. Ekologo-ekonomicheskaya effektivnost rekultivatsii zemel v Yuzhnykh oblastyakh Kazakhstana // Issledovaniya, rezultaty. - KazNAU, 2008. - №3. - S. 105-108.

4 Ofitsialny sayt upravleniya zemelnykh resursov Almatinskoy oblasti. - [Elektrondy resurs]. - Rezhim dostupa: <http://www.almoblzem.gov.kz/index.php/ru/>.

5 Serikbayev S.K. Ratsionalnoye ispolzovaniye i okhrana zemelnykh resursov // Vestnik universiteta Kaynar, 2009. - №1. - S. 35-39.

РЕЗЮМЕ

А.Т. Мылкайдаров¹, С.Е. Курбаналиева¹, М. Зауран¹, Н.Б. Санабай¹

ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО КОМПЛЕКСА АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ

¹Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, 050040,
г. Алматы, проспект аль-Фараби, 71, Казахстан,
e-mail: mylkaydarov@mail.ru

В статье рассмотрены географические предпосылки формирования и развития агропромышленного комплекса Алматинской области и пути его решения. Из-за выбытия из эксплуатации пахотных земель области, выявления факторов повышения плодородия почв, передачи в частную собственность части пахотных земель многие крестьянские хозяйства испытывают недостаток потенциала в освоении земель, низкий уровень технической обеспеченности, устаревание существующей техники, отсутствие организованных связей между крестьянскими хозяйствами и научными учреждениями, отсутствие севооборотов, то есть на научной основе рассмотрены вопросы применения отечественных и мировых технологий в использовании земельных ресурсов для крестьянских хозяйств, которые не обмениваются на полях в течение определенного периода времени. Также были обсуждены тенденции развития агропромышленного комплекса на примере Алматинской области. Проанализированы основные показатели развития сельского хозяйства, освещены проблемы развития агропромышленного комплекса области.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, аграрный сектор, земледелие, животноводство, сельскохозяйственные культуры, географическое положение, географическая территория.

SUMMARY

A.T. Mylkaidarov¹, S. E. Kurbanalieva¹, M. Zauran¹, N. B. Sanabay¹

PROBLEMS OF DEVELOPMENT OF AGROINDUSTRIAL COMPLEX OF ALMATY REGION
AND WAYS OF THEIR SOLUTION

¹*Al-Farabi Kazakh national University, 050040, Almaty, 71,
al-Farabi Avenue, Kazakhstan, e-mail: mylkaydarov@mail.ru*

The article considers the geographical prerequisites for the formation and development of the agro-industrial complex of the Almaty region and ways to solve it. Due to the decommissioning of arable land in the region, the identification of factors that increase soil fertility, the transfer to private ownership of part of arable land, many farms lack the potential for land development, low level of technical security, obsolescence of existing equipment, the lack of organized links between farms and scientific institutions, the lack of crop rotations, that is, on a scientific basis, the issues of applying domestic and world technologies in the use of land resources for farms are considered, which are not exchanged on the fields for a certain period of time. They also discussed trends in the development of the agro-industrial complex on the example of the Almaty region. The main indicators of agricultural development are analyzed, the problems of development of the agro-industrial complex of the region are highlighted.

Key words: agro-industrial complex, agricultural sector, agriculture, animal husbandry, agricultural crops, geographical location, geographical territory.